



**Оқу кестелері мен муляждарды қолдану
арқылы ауыз қуысы мен ауыз қуысы
құрылымдарының функцияларын зерттеу.**

Қабылдаған: Сагинбаев Қанат Тахирович.

Орындаған: Оразқұл Нурила

Тобы: СТК-302



Жоспары:

1. Ауыз қуысының анатомиясы және физиологиясы.
2. Ауыз қуысының шырышты қабатының құрлысы және атқаратын қызметі.
3. Сілекей. Ауыз қуысының сұйықтығы. Құрамы, қасиеттері.
4. Ауыз қуысының микрофлорасы. Құрамы. Физиологиялық және патологиялық процесстердегі ролі.




Ауыз қуысының анатомиясы. Ауыз қуысы (cavitas oris) – ас қорыту трактысының бастапқы бөлігі. Алдыңғы жағынан ерін, оң және сол жағында ұрт, төменде, жоғарыда қатты және жұмсақ таңдай, ауыз қуысының табаны мен шекараласады.

Ауыз қуысының кіре-берісі - бастапқы бөлігі кеңістік және алдыңғы жағынан ерін, оң және сол жағында ұрт, артында жоғары және төменгі жақтағы тістермен шектеледі. Жоғары жақтағы екінші азу тіс тұсынан құлақ маңындағы сілекей безі ашылады.


Ауыз қуысының меншікті бөлігі - ауыз қуысының кіре-берісімен, алдыңғы жағынан тістермен, артында жұмсақ таңдай, жанында- ұртпен шектеледі. Ауыз қуысының шырышты қабаты- көп қабатты жалпақ эпителииден, базалды мембранадан, меншікті кілегей қабатынан, кілегей асты қабатынан тұрады. Көп қабатты жалпақ эпителии қалыңдығы біркелкі емес, қатты таңдай және тілде қызыл иекте қалың болып келеді. Ерін мен ұртта – меншікті кілегей қабаты қалыңдау, ауыз қуысының табаны мен өтпелі қатпарда- кілегей асты қабаты қалыңдау болып келеді.

Полость рта, *cavitas oris*, и перешеек зева, *isthmus faucium*, вид спереди





Көп қабатты жалпақ эпителий –мүйізгектенетін (қатты таңдай,тіл, қызыл иек) және мүйізгентенбейтін (жұмсақ таңдай,қызыл иек сайы эпителиі, ауыз қуысының табаны,тілдің ішкі беті,ерін) болып бөлінеді. Көп қабатты жалпақ эпителий мен меншікті кілегей қабаты аралығында , базалды жарғақ бар. Ол – аргирофильді жұқа талшықтардан тұрады. Көп қабатты мүйізгектенетін жалпақ эпителий – базальды қабаттан тұрады. Дәнді және мүйізді қабаттар бар. Көп қабатты жалпақ мүйізгектенбейтін эпителий қабатында дәнді және мүйізді қабаттар болмайды. Ауыз қуысының меншікті қабаты нерв байламдары, қан тамырлары, лимфа түйіндер орналасқан. Ауыз қуысының меншікті қабаты дәнекер тіннен және клетка аралық заттардан және клеткалық құрылымнан тұрады. Ауыз қуысының кілегей асты қабатында- ауыз қуысының табаны, ерін мен ұрттың өтпелі қатпары,борпылдақ дәнекер тін және майда сілекей, май бездері, қыл тамырлар орналасқан.





**Ауыз қуысының шырышты
қабатының атқаратын қызметі.**

Қорғаныштық - ауыз қуысының
шырышты қабатының регенеративті
және сіңіру қасиеті бар
микроорганизмдер, вирустардың енуін
болдырмайды. Эпителий
байламдарындағы лейкоциттер де осы
үрдісті жақсартады. Осының әсерінен
кез келген жарақат тез жазылады.
Ауыз қуысының шырышты қабатыны
жақсы сіңдіретін қасиеті бар, мысалы
дәрілерді ауыз қуысы арқылы
антибиотиктер және т.б. сору.




Сілекей – бұл биологиялық орта, үш үлкен сілекей бездерінің (шықшыт, жақасты, тіласты) және көптеген ауыз қуысының ұсақ бездерінен бөлініп шығарылған секрет болып табылады.

Ауыз қуысының сұйықтығының құрамына сілекейден басқа эпителий клеткалары, лейкоциттер, микроорганизмдер, ас қалдықтары кіреді. Осы жағдай сапалығына қарағанда ауыз қуысының сұйықтығы жаңа қасиеттермен сипатталады.

Ауыз қуысының сұйықтығы – ауыспалы орта, оның кейбір физикалық қасиеттері ауысады.

Сілекейдің бөліну жылдамдығы 0,54 мл/сағ, бірақ әрбір адамның сілекей бөліну жылдамдығы 0,5 мл ден 111 мл/сағ ажырайды. Қартайған шақта сілекей бөлінуі төмендейді. рН және буферлік құрылымдар жоғарылағанда сілекей бөліну де жоғарылайды.





Сілекейдің қоректік маңызы да бар.

Сілекей тістер анатомиясы мен физиологиясына қажет қоректік зат.

Ол жаңадан шығып өсіп келе жатқан тістерді кальций, фосфор, цинк сияқты микроэлементтермен қамтамасыз етіп отырады, бұл элементтер сілекейдің pH-ын өзгертіп, өздерінің эмальге өтуін реттейді.



Тұтқырлығы ұзын эластикалық жіп секілді созылуымен сипатталады.

Освальдтың әдісі бойынша тұтқырлық 1.2-2.4 ед. құрайды.

Сілекейдің тұтқырлығы мен беттік созылуын муцин қамтамасыз етеді.

Аралас сілекейдің салмағы 1,002-1,047 аралығында .

Сілекейдің **буферлық және нейтралдағыш қасиеттері** белгілі.

Буферлық сыйымдылығы, яғни қышқылдар мен сілтілерді нейтрализациялау қабілеті, тістерді қорғау механизмы болып саналады.

Осы қасиеттер бикарбонатты, фосфатты жүйелердің қызметімен және ақуызбен қамтамасыз етіледі.

Сутек иондарының концентрациясы (рН) – ауыз сұйықтығының құрамындағы қышқылдардың бар екенін көрсетеді.

Сутек иондарының концентрациясы сілекей бөлінуінің жылдамдығы мен байланысты. Орташа мөлшері 6,5- 6,9 дейін өзгереді.

Бактериоцидтық қасиеттері

Бұл қасиетті лизоцим, лейкоциндер, опсониндер, липаза бактериолизин қамтамасыз етеді.

Лизоцим – негізгі бактерицидтік компонент, ол грамм оң бактерияларды ыдыратып, патогендік стафилококктер мен стрептококктердің өсуін тоқтатады. Аммиак сөлдері лактобациллалардың өсуіне әсер етеді, бактериолизин де қышқыл бөлетін бактериялардың өсуін тежейді.



Ауыз қуысы сұйықтығының биохимиялық құрамы
Сілекей 99,42% судан және 0,58% бейорганикалық және органикалық заттардан тұрады. Минералды компоненттері бейорганикалық заттар сілекей мен эмаль арасындағы динамикалық қалыпты ұстап тұрады.

Жалпы кальцийдің сілекейдегі құрамы 5,8 мг 100мл сұйықтығында, қандағыдан екі есе төмен. Ал фосфор бейорганикалық қосылыстар құрамында (95%) сілекейде фосфор қандағыдан 2 есе жоғары.

Сілекейде калий-натрий электролиттік алмасу тудырады. Басқа элементтерден магний, фтор, кремний, алюминий, цинк, хромды атап кетуге болады. Бұл заттардың барлығы хлорид, бикарбонат, фосфат, сульфат күйінде кездеседі.

Органикалық компоненттері:

7 ден 17 ге дейін ақуыз фракциялары бар, соның ішінде амилаза, антигенді емес гликопротеиндер, катионды протеин, гексозаминдер, сиал қышқылы.

Ақуыздың ең маңыздысы **муцин**, оның негізгі қызметі кілегей қабықты ылғалдап ас қабылдауды жеңілдету.



Қорытынды:

Қазіргі таңда медицинаның дамуы, оның ішінде стоматологияның жетістіктері көп. Тіс жақ жүйесінің патологиялық жағдайларының да емі табылған. Ауыз қуысының күтімі оның ішінде өте маңызды. Ауыз қуысына күтім жасауға балаларды жас кезінен үйрету керек. Осы күтім жасау көптеген ауруларының алдын алады. Мен де осы салада білім алып жатқандықтан болашақта өз үлесімді қосамын деген үміттемін.







Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аубакиров С. Ортопедиялық стоматология.

2. Интернет ресурстары: meduniver.ru

<https://www.youtube.com/watch?v=GFIVW6Qy0Yo>



**Назар
аударғандарыңызға
рахмет!!!**